

*¹Жұбатова Б.Н.  ²Ахметбекова А.К. 

^{1,2} *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
E-mail: ¹*baiyan.zhubatova@kaznu.edu.kz*, ²*Akbota.Akhmetbekova@kaznu.edu.kz*

ШЫҒЫС ЖАЗБА ДӘСТҮРІ КОНТЕКСІНДЕГІ ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІ

Аңдатпа. Мақаланың мақсатына жазба дәстүрдің әмбебап теориясы негізінде ескі қазақ жазба тілі құбылысына кешенді талдау жүргізу арқылы оның ұлттық тілдердің қалыптасуына дейінгі ислам өркениетіндегі кітаби жүйеге қатысын танытатын типологиялық сипатын ашу жатады. Зерттеу міндеттеріне ескі қазақ жазба әдеби тіл құбылысына байланысты кітаби тіл, ортаазиялық жазба әдеби тіл, шағатай тілі ұғымдарын нақтылау; араб-парсы (исламдық) жазба дәстүрі ұғымын лингвистикалық және өркениеттік тұрғыдан анықтау; ескі қазақ жазба тілі мәтіндеріндегі араб-парсы жазба дәстүрінің тілдік және дискурсивтік белгілерін айқындау; ислам өркениеті кеңістігінде жазба дәстүрге сүйенген ескі қазақ жазба тілінің қазақ интеллектуалдық тарихындағы рөлін анықтау кіреді. Зерттеу нысаны – тарихи-лингвистикалық және мәдени құбылыс ретінде танылған ескі қазақ жазба әдеби тілі. Зерттеу пәні – ескі қазақ жазба тілінің типологиялық, функционалдық және жанрлық-стильдік сипаты. Зерттеу гипотезасы: араб-парсы (исламдық) жазба дәстүрі ескі қазақ жазба тілінің құрылымдық, функционалдық және жанрлық қалыптасуына әсер еткен өркениеттік-лингвистикалық эталон ретінде танылады. Ескі қазақ жазба тілін назардан тыс қалдыруға тырысқан кеңестік кезеңдегі редуccionистік бағыт пен *islamicate* бағытын салыстыру ескі қазақ жазба тілін көпқырлы мәдени-тілдік құбылыс ретінде қарастыру қажеттігін көрсетті, себебі ол діни дискурспен ғана шектелмейді. Зерттеу материалдарына ескі қазақ жазба тілінде араб жазуымен жазылған мәтіндер жатады: Қадырғали Жалайыридің «Жами’ат тауарих» (XVI ғ.) шежіресі, Зерттеудің эмпирикалық материалдарына араб графикасымен жазылған ескі қазақ жазба тіліндегі Қадырғали Жалайыридің «Жами’ат тауарих» (XVI ғ.) шежіресі, сондай-ақ XX ғ. басында жарық көрген қисса-дастандар сияқты мәтіндер жатады. Сонымен қатар ескі қазақ жазба тіліне арналған Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымұлы, Г.Мамырбек зерттеулерін қамтиды. Шығыс жазба дәстүрінің теориялық-әдіснамалық негізін Дж. Гуди, М. Ходжсон, У. Онг, Ш. Поллок және т.б. зерттеулері құрайды. Мақалада тарихнамалық (историографиялық), салыстырмалы-тарихи, лингвистикалық талдау әдістері қолданылады. Зерттеу жаңалығына жазба дәстүрдің тілдік құрылымдарға кешенді ықпал еткенін анықтау жатады. Ескі қазақ жазба тілі алғаш рет тарихи-мәдени контексте қалыптасқан, канондық үлгілер мен нормаларға сүйенген және жазбаша дискурстың өзіндік нормаларын ұсынған жүйе ретінде бағаланады.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі грантының шеңберіндегі «BR28712621 «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодологиялық зерттеу» ғылыми жобасының қолдауымен орындалды.

Кілт сөздер: ислам өркениеті, ескі қазақ жазба тілі, араб-парсы жазба дәстүрі, кітаби тіл, шағатай тілі, ортаазиялық жазба әдеби тіл дәстүрі, жазба тілдердің әмбебап теориясы

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі екі түрлі мәселемен анықталады. Оның біріншісі араб жазумен хатқа түскен қолжазбалармен байланысты. Соңғы уақытта Қазақстанда қолжазбаларды жинау, сақтау және зерттеу мәселелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Осыған байланысты зерттеу орталықтары ашылып, қолжазбаларды ғылыми айналымға түсіру ісіне байланысты ғылыми

жобалар орындалуда. Қазақстандағы деректанудың дамуы мен міндеттері арнайы қарастырылды (Қалиева, Мустафаева, 2025). Мәдени мұраны зерттеу ісінің жандануы тарихшылар, әдебиеттанушылар, шығыстанушылар және т.б. мамандар арасында лингвистикалық термин ретінде қалыптасқан ұғымдарды түсінудегі бірізділікті қалыптастыру қажеттігін байқатады. Тарихи жәдігердің тілін, жанрын анықтау мәселесінде ұғымдардың нақтылығы, терминдердің бірізділігі қажет-ақ. Осыдан келіп, қазақ тіл біліміндегі *ортаазиялық жазба әдеби тіл, ескі қазақ жазба әдеби тілі, кітаби тіл, шағатай тілі* деген терминдер мен ұғымдарды сараптап, айқындап алу қажеттігі пайда болды. Ал екіншісі ескі қазақ тілі бастауларының бірі болып табылатын жазба дәстүрмен байланысы. *Ескі қазақ жазба тілі* (бұдан әрі - ЕҚЖТ) деген құбылыс өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ лингвистерінің назарын аудара бастаған болатын. Бүгінгі күні бұл феноменнің қазақ тілінің тарихында алатын орны, даму динамикасы біршама зерттелгенмен, ЕҚЖТ-нің бастауларымен байланысты *жазба дәстүр* әлі күнге дейін қарастырылмады.

Түркі тілдерінің тарихындағы ортаазиялық әдеби тіл деп аталатын ортақ тілдік дәстүрдің ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуындағы рөлін анықтау тек қана тілдің тарихына емес, сонымен бірге интеллектуалдық тарихымызға қатысты құнды мәліметтер беретіні анық. Түркологияда тілдік дәстүр мәселесін зерттеу қажеттілігіне мән беріп, олай болмаған күнде әдеби тілдің қалыптасуы белгілі бір этностың диалектісімен ғана байланысты деген сыңаржақ пікір орын алатынын ғалымдар өткен ғасырдың 90-жылдарында ескерткен болатын (Тенишев, 2000).

ЕҚЖТ-ін арнайы зерттеуге соңғы онжылдықтарда назар аударылып келеді. Ол әдеби тілдің қалыптасуындағы кеңестік көзқарасты қайта қараумен, тіл дамуындағы еуроцентристік модельдерден бас тартумен байланысты. Классикалық тарихи-лингвистикалық парадигма аясында ескі қазақ жазба тілі қазіргі қазақ тілінің дамуындағы белгілі бір кезең ретінде түсіндіріліп келді. Алайда бұл әдіснамалық тұрғыдан шектеулі, себебі ол Шығыс жазба дәстүрлерінің ұлттық тіл қалыптасқанға дейінгі сипатын жоққа шығарады, мұнымен бірге жазба әдеби тілдің дамуындағы өркениеттік контексте көңіл бөлінбейді. Осы тұста Э.Р. Тенишевтің мына сөзі ойға оралады: «Жазба ескерткішті филологиялық талдау, оның тілін зерттеу ормандағы жеке тұрған ағашты зерттеу секілді: орман – оны құрайтын элементтерге (ағаштарға) қарағанда сапалық тұрғыдан басқа құбылыс, яғни орманның өзі назардан тыс қалады. Алайда орман туралы түсінік қалыптастырып, сол арқылы ағаштардың қасиеттері туралы білу мүмкіндігіне қол жеткізу керек қой. Ағаштардың қасиеттері туралы түсінік ағашты жеке-дара алып қарастырғанда, назарға ілікпейді»⁵ (Тенишев, 2000:39). Мұндағы айтпағымыз: ЕҚЖТ құбылысын жеке қарастырмай, жазба дәстүрмен байланысты қарастыру қажет.

Шығыс мәдениеттеріне ортақ бір белгі бар: ол – жазба дәстүрінің стандартты ұлттық тілден бұрын қалыптасуы. Мысалы, санскрит, вэньянь, араб тілі сияқты классикалық шығыс жазба тілдері кітаби, диалектіден жоғары тұрған, этнос қалыптасуына дейін қызмет атқарған жүйелер ретінде танылып, дін, әкімшілік және білім беру салаларына қызмет етті. Олар адамдар арасындағы күнделікті қарым-қатынасты қамтамасыз етуге емес, мәдени дәстүрді қалыптастыру, билікті символдық тұрғыдан легитимді деп таныту, білімді институциялау сияқты маңызды рөлдерді атқарды. Осы тұрғыдан ЕҚЖТ де мұсылман Шығысы өркениетінің шеңберінде қарастырылуы керек. Мұндай талдау метатеориялық әдіснама ретінде қарастыратын шығыстанудағы, әлеуметтік лингвистикадағы, жазу теориясындағы Шығыс жазба тілдерінің әмбебап теориясына жүгінуді қажет етеді. Бұл ЕҚЖТ қызметін, құрылымын, мәдени рөлін қайта пайымдауға және тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан ЕҚЖТ жеке тілдік жүйе ретінде жеткілікті сипатталғанымен, ендігі жерде оның исламдық араб-парсы жазба дәстүрі аясындағы өркениеттік, институционалдық және

⁵ Орысшадан аударған өзіміз

мәдени-лингвистикалық табиғатына арнайы теориялық модель негізінде кешенді түрде зерттеу қажеттігі бар.

Қазақ тіл білімінде ЕҚЖТ мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері, графикасы, лексика-грамматикалық құрылымы, тарихи кезеңдері мен мәтіндер корпусы анықталып, тарихи лингвистика тұрғысынан сипатталды. Соның нәтижесінде ЕҚЖТ-нің дербес тілдік құбылыс екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Осыған қарамастан, қазіргі кезеңде бұл мәселенің жаңа теориялық деңгейде қайта қарастырылатын аспектілері бар. Атап айтқанда, ескі қазақ әдеби тілінің араб–парсы исламдық жазба дәстүрі аясында қалыптасуы, оның осы дәстүрдің аймақтық нұсқасы ретінде қызмет етуі, сондай-ақ жазба тілдің өркениеттік, институционалдық және мәдени-лингвистикалық табиғаты әлі күнге дейін арнайы теориялық модель негізінде кешенді түрде талданған жоқ. Көптеген зерттеулерде ескі қазақ жазба тілі араб графикасымен жазылған мәтіндер тілі ретінде сипатталып, көбіне лексикалық деңгейдегі араб және парсы кірме элементтерін талдаумен шектеледі. Алайда қазіргі гуманитарлық ғылымда жазба тіл ұғымы тек графикамен немесе тілдік элементтердің жиынтығымен ғана емес, жазба дәстүр, мәтін өндіру институттары, жанрлық жүйе, нормативтік модель және мәдени легитимация тілі сияқты кешенді категориялар арқылы түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, ЕҚЖТ негізіндегі дәстүрлік бастауларды, мәдени-лингвистикалық үлгілерді айқындау өзекті ғылыми міндеттер қатарында.

Осылайша, ескі қазақ әдеби тілі жеткілікті деңгейде сипатталған тілдік жүйе болғанымен, оның араб-парсы жазба дәстүрімен сабақтастығы, исламдық кітаби мәдениет аясындағы қызметі мен мәдени-лингвистикалық табиғаты арнайы теориялық тұрғыдан кешенді зерттеуді қажет етеді. Бұл жағдай зерттеу тақырыбының ғылыми өзектілігін айқындайды және оның қазіргі тіл білімі мен жазба дәстүрлер теориясы үшін маңыздылығын көрсетеді.

Мақаланың мақсаты – жазба тіл дәстүрінің әмбебап теориясы негізінде ескі қазақ жазба тілі құбылысына кешенді талдау жүргізу арқылы оның ұлттық тілдердің қалыптасуына дейінгі өркениеттік кітаби жүйеге қатысын танытатын типологиялық сипатын ашу. Зерттеу міндеттеріне ЕҚЖТ-не байланысты кітаби тіл, ортаазиялық жазба тіл, шағатай тілі ұғымдарын нақтылау; араб-парсы (исламдық) жазба дәстүрі ұғымын лингвистикалық және өркениеттік тұрғыдан нақтылау; ЕҚЖТ мәтіндеріндегі араб-парсы жазба дәстүрінің тілдік және дискурсивтік белгілерін айқындау; ислам өркениеті кеңістігінде жазба дәстүрге сүйенген ЕҚЖТ-нің қазақ интеллектуалдық тарихындағы ролін анықтау кіреді.

Зерттеу нысаны – тарихи-лингвистикалық және мәдени құбылыс ретінде танылған ескі қазақ жазба әдеби тілі. Зерттеу пәні – ескі қазақ жазба тілінің типологиялық, функционалдық және жанрлық-стильдік сипаты.

Зерттеу гипотезасы: араб-парсы (исламдық) жазба дәстүрі ескі қазақ жазба тілінің құрылымдық, функционалдық және жанрлық қалыптасуына әсер еткен өркениеттік-лингвистикалық эталон ретінде танылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада қолданылған зерттеу материалдарын екіге бөліп қарастыруға болады. Бірінші топты (немесе біріншілік материал) ескі қазақ жазба тілінде араб графикасымен жазылған мәтіндер құрайды. ЕҚЖТ-нің алғашқы үлгісі болып танылатын Қадырғали Жалайыридің «Жами’ат тауарих» (XVI ғ.) атты шежіресі, XX ғ. басында араб жазуымен кітап болып жарық көрген қиссалардан Ж.Шайхусламұлының «Қисса-и Йусуф ‘алейһи-с-сәләм илән Зулейха мәс’әласы» (Қазан, 1917), «Қисса’и ‘Абд ‘әл-Мәлік» (Қазан, 1909) қисса-дастандары алынды. Эмпирикалық материалдар ретінде (Қадырғали Жалайыридің «Жами’ат тауарих» (XVI ғ.) атты еңбегі, эпистолярлық материалдар) Р. Сыздықова, Б. Әбілқасымов, Ғ. Мамырбек зерттеулерінде берілген түпнұсқа мәтіндердің факсимелелерінен алынды.

Зерттеу материалдарының екінші тобына ескі қазақ жазба тіліне арналған маңызды еңбектер болып есептелетін жоғарыда аталған авторлардың зерттеулері жатады. Бұл зерттеулерде ескі қазақ жазба мәтіндерінің тілдік фактілері ғылыми айналымға енгізіліп, жүйеленіп, егжей-тегжейлі сипатталған, орфографиялық, морфологиялық және лексика-семантикалық ерекшеліктердің мысалдары ұсынылған. Тарихи синтаксис мәселелеріне арналған Т.Р.Қордабаев еңбегі (Қордабаев, 1964) ЕҚЖТ-ін зерттеуді мақсат етпейді, араб-парсы жазба дәстүрін қарастырмайды, соған қарамастан бұл дәстүрдің синтаксистік деңгейдегі көрінісін тануға эмпирикалық материал ұсынады. Осылайша, аталған еңбектер әрі зерттеу материалдары да, әрі дереккөз де бола алады. Материалдар мен дереккөздер араб жазуымен жазылған жазба деректерді де, бізге дейінгі зерттеушілердің еңбектерінде келтірілген тілдік деректердің репрезентативті корпусын да қамтиды. Шығыс жазба дәстүрінің теориялық-әдіснамалық негізін анықтауда Дж. Гуди (Goody, 2000), М.Ходжсон (Hodgson, 1974), У.Онг (Ong, 1982), Ш.Поллок (Pollock, 2006) сияқты еуропалық ғалымдардың еңбектеріне сүйендік. Бұлардың барлығы бізге дәстүрлі филологиялық дәлдікті ескі қазақ жазба тілін өркениеттік контексте қайта қарастыруға бағытталған жаңа әдіснамалық тәсілмен біріктіруге мүмкіндік береді.

Мақалада тарихнамалық (историографиялық), салыстырмалы-тарихи, лингвистикалық талдау әдістері қолданылады.

Тарихнамалық (историографический) талдау әдісі талдау шағатай тілі, ескі қазақ жазба тілі, ортаазиялық жазба тілі сияқты тілдік құбылыстар мен дәстүрді зерттеуге арналған кеңестік, посткеңестік және әлемдік кеңістіктегі ғылыми бағыттарды зерделеуде қолданылды.

Салыстырмалы-тарихи әдіс ескі қазақ жазба тілін шағатай тілімен салыстыруда, олардағы функционалдық, жанрлық, графикалық ортақтықтарды анықтауда қолданылды. Жазба тіл дәстүрінің негізгі белгілерін анықтауға, сонымен бірге ескі қазақ жазба тілінің аймақтық-локальдық ерекшелігін нақтылауға көмектесті.

Текстологиялық талдау нақты жазба ескерткішті олардың тарихи, мәдени және әлеуметтік контексте исламизация (islamicate) концепциясына негізделген құбылыс ретінде қарастырады. Зерттеудің теориялық тұжырымдарын иллюстрациялаудағы мәтіндерден алынған мысалдарды пайдалану болып табылады.

Екіншілік талдау әдісі (қайта талдау) әдісі ғылыми зерттеулерде қолданылған мысалдарды өз жұмысымызда пайдалануды білдіреді. Мысалы, Т.Қордабаевтың қазақ тілінің тарихи синтаксисін зерттеуге арналған жұмысындағы материалдарды біз өз талдауымызда қайта қолдандық. Сипаттау, шолу түріндегі зерттеулер белгілі бір мәтіннің тілін сипаттап, тілдік құбылыстарды тіркеп, тілдік фактілер ұсынады. Мұндай материалдарды дәл сол үлгілердің орын алу себептерін түсіндіруде қайта қолдануға болады.

Талқылау

Ескі қазақ жазба тілінің түркологияда және қазақ тіл білімінде зерттелуіне шолу ғылыми әдебиетті екіге бөліп қарастыруға болатынын көрсетті: кеңестік және посткеңестік кезең.

Кеңестік түркологияда ЕҚЖТ ұғымы *шағатай тілі, ортаазиялық жазба әдеби тіл* деп аталған құбылыстарға, негізінен, қазақ жазба әдеби тілінің тарихына, ондағы кітаби тіл, шағатай әдеби дәстүрі, араб-парсы кірме лексикалық бірліктері деген мәселелер қатарында сөз болады.

Кеңестік қазақ тіл білімінде зерттеліп отырған құбылыс өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап қарастырыла бастайды. Аталған феноменге көне қазақ жазба әдеби тілі (Мұсабаев, 1952), ескі қазақ жазба тілі (Әбілқасымов, 1982), түркінің локальдық-қазақтық түрі (Сыздықова, 1984) атаулар беріліп, мәселе ретінде көтеріліп келді. Тілдік дәстүр, жазба әдеби тіл дәстүрімен тікелей байланысты араб, парсы кірме сөздерін зерттеу мәселесінде тек

таза лингвистикалық заңдылықтарға емес, халықтардың әлеуметтік, мәдени, рухани дүниесінің тарихына, исламның, оқу ағартудың, поэтикалық дәстүрдің сыры мен тарихына үңілу қажеттігін ескерткен Р.Сыздықова пікірі (Сыздықова, 2014: 81) әлі де күн тәртібінде. Жалпы, жазба тіл дәстүрін зерттеуге шақыру академик Р.Сыздықованың қазақ әдеби тілінің тарихына қатысты барлық еңбектерінде бой көтереді. Оны «болашақта қарастырылатын мәселе» деп қысқа қайыруының да өз себептері бар деп топшылаймыз. Ол кеңестік идеологиямен байланысты. XX ғасырдың басына дейін қоғамға қызмет еткен жазба дәстүр араб жазуымен байланысты болды, ал бұл дәстүрдің бастауларында ислам өркениеті жатқаны мәлім. Дінге шектеу қойылған заманда бұл мәселені көтерудің өзі оңай болмағанын түсінеміз. Ислам өркениеті, араб-парсы жазба дәстүрінің мәселелері кеңестік идеологияға қайшы келгендіктен, ол туралы жазуға шектеу қойылған да болар. Алайда қазақ тілінің тарихында XV ғасырдан бастап, XX ғасырдың басына дейін кезеңге дейін жеткен араб жазулы мәтіндердің тілі, ЕҚЖТ мәселесіне соқпай, оны қатысты зерттеулерде айналып өту мүмкін емес еді. Сондықтан Қадырғали Жалайыридің шежіресі, Абай, Ыбырай, Шоқан, «кітаби ақындар» деген атпен танылған қиссашыл ақындар шығармаларын қарастырғанда, бұл құбылыс үнемі аталып жүрді. Сондықтан аталған кезеңдерді зерттеген еңбектерде ЕҚЖТ мәселесі қозғалады.

Ислам өркениеті контексіндегі жазба тіл дәстүрінің белгілерін сақтаған ЕҚЖТ немесе *кітаби тіл* феноменіне кеңестік кезеңде әділ баға берілмей келді. Мұны әдіснамалық редуцианизм деп сипаттауға болады. Мұнда көпқырлы тілдік және мәдени құбылыстарға «діни» деген айдар тағылып, көп уақытқа дейін өз дәрежесінде зерттелмей келді. С.Малов, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев сынды ғалымдардың бірқатары, әсіресе діни қиссалардың тіліне *қоспа тіл, жаргон тіл, суррогат тіл* деген ат берді, кейде өз пікірлерін өзгертіп те жатты. Қалай болғанда да кітаби тілдің қазақ әдеби тіліндегі рөлін жоққа шығара алмады. Кеңес кезеңіндегі зерттеулерінде Р.Сыздықова, Ә.Әбілқасымов бастаған ғалымдар кітаби тіл құбылысына оң баға беріп, оның болашақта зерттелетін мәселелер қатарына қосты.

Ал мәселенің арнайы зерттелуі кеңес дәуірінен кейінгі кезеңде қолға алынды. Мұндай зерттеулер әзірге санаулы. Оларға ЕҚЖТ -нің әртүрлі тілдік қырларын қарастыратын Н.Уәли, М.Малбақов, Г.Мамырбек, Е.Өмірбаев, Д.Әбіләшімұлы зерттеулерін жатқызамыз. Ескі қазақ жазба тілін дербес ғылыми нысан ретінде қарастыруға бағытталған зерттеулер қатарында Г.Мамырбектің монографиясы (Мамырбек, 2024) лингвистикалық талдауларына қоса, жазба үлгілердің транскрипциясымен бірге факсимилелерін ұсынуымен құнды. Аталған еңбектерде араб жазулы қазақ мәтіндерінің фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық ерекшеліктері талданады.

Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, Ә.Құрышжанов, Н.Уәли, Г.Мамырбек т.б ғалымдар зерттеулері ЕҚЖТ-нің қазақ тілінің қалыптасу тарихына сипаттап, ЕҚТ жазылған мәтіндерге жан-жақты лингвистикалық талдау жасайды. Бұған қоса ЕҚЖТ-дегі мәтіндердегі араб, парсы лексикасының мол қолданылу себепін тек қана тілдік байланыстардан емес, тілдік дәстүрден іздеу керек деген пікірлер орын алды. Оның генезисін ислам өркениетімен байланыстыра қарастыру туралы ұсыныстар да болды (Сыздықова (б), 2014: 81). Бұл лингвистикалық талдаулар материалды эмпирикалық сипаттауға қосылған үлес деп тануға болады, алайда олар лингвистикалық талдаумен шектеледі. ЕҚЖТ құбылысын, оның генезисін ислам өркениеті контексіндегі дәстүр ретінде қарастыру ендігі жерде шығыстанушылардың міндеті болмақ.

Әдебиетке шолу ЕҚЖТ зерттеуде Шығыс жазба әдеби тілдеріндегі типологиялық және өркениеттік ерекшеліктер зерттелмей келгенін көтерілген көрсетті. Алайда араб-парсы жазба дәстүрінің өзге түркі жазба тілдеріндегі ықпалына қатысты жүйелі еңбектің болмауы да біздің зерттеуіміздің әдіснамалық шектелуіне әкеледі. Біздің мақаламыз осы бағыттағы алғашқы талпыныс болғандықтан, барлық мәселені қамти алмайтынын ескертеміз. Мақала

бағдарламалық сипатқа ие, мұнда қозғалатын мәселелер болашақта арнайы зерттеуге лайық деп есептеймін.

Шығыстану мен тарихи лингвистикада Шығыстағы жазба тіл құбылысы ерекше тілдік жүйе болып танылады. Жазба тілдің қалыптасуы кітаби мәдениет, діни білім беру және әкімшілік практика сияқты әлеуметтік-мәдени институттармен байланысты. Тіл мәтіндер, оқу канондары және танымал жазба үлгілер арқылы «бекітіліп», ұрпақтан ұрпаққа жетеді (Goody, 2000:64). Соның нәтижесінде жазба әдеби тіл лингвистикалық қана емес, сонымен бірге діни, құқықтық және ғылыми білімдерді қамтитын өркениеттік ақпараттарды жеткізуші ретінде танылады (Hodgson, 1974)

Зерттеуіміздің теориялық негізінде Джек Гудидің жазба дәстүр концепциясы жатыр. Дж. Гуди өз еңбектерінде, атап айтқанда «*The Power of the Written Tradition*» атты зерттеуінде жазуды ауызша мәтінді хатқа түсірудің техникалық құралы ретінде ғана емес, тұрақты тәжірибелер жиынтығы деп түсіндіреді. Бұл тәжірибелерге мәтінді жасау, қайта құрастыру, сақтау, классификациялау және интерпретациялау жатады. Ауызша коммуникациядан жазбаша дәстүрге өту білімнің жаңа түрлері мен жаңаша ойлауға жол ашады. Жазу білімді жеткізудің формальды формаларын (кесте, тізім, реестр) қолдану мүмкіндігіне жол ашты, дерексіз категориялардың дамуына жағдай жасады, логикалық аргументацияны күрделендірді, осылайша әлеуметтік шындықты реттеудің, қалыпқа салудың механизміне айналды. Жазу мәтінді канонға салу феноменін дүниеге әкелді. Жазба (кітаби) мәдениетте беделді, «дұрыс» мәтін туралы түсінік қалыптасты, осыған байланысты оған түсініктеме беру, интерпретациялау және оны нормаға салу әрекеттері жүрді. Жазбаша дәстүр «билігі» ойлау, тіл және әлеуметтік коммуникацияның нормативтік үлгілерін қалыптастыра алатын күшке айналды.

Гудидің теориялық моделі ислам өркениетіне қатысты талдауларда қолданылды. Мысалы, М. Ходжсон өз еңбектерінде *Islamicate civilization* концепциясын ұсынады. Оның пікірі бойынша, ислам әлемінің тұтастығын тек қана діни доктринамен түсіндіруге болмайды, оны араб-парсы жазба дәстүріне арқа сүйеген ортақ мәдени-интеллектуалды құрылымдардан іздеу керек. Құран, хадис, фикһ, тәпсір, тарихи шежірелер мен классикалық әдеби үлгілер сияқты мәтіндер ислам қоғамындағы нормалар мен құндылықтарды, білім модельдерін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Канондық мәтіндер мен жанрлар білімді хатқа түсіріп қойған жоқ, сонымен бірге дұрыс ойлау мен тіл арқылы ойды дәйекті жеткізу үлгілерін ұсынды. Осы контексте араб, парсы тілдері кітаби мәдениет тілі және білімге ғылыми статус беретін «өркениеттік тіл» немесе «өркениеттік код» ретінде танылған тілдер қатарында.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында ол *islamicate* терминін енгізіп, бұл терминмен тарихи тұрғыда мұсылман өркениетімен байланысты болғанымен діни дискурстан бөлек мәдени-тілдік тәжірибені атады. М. Ходжсон ұсынған *islamicate* концепциясы біздің зерттеуімізге әдіснамалық негіз бола алады (Hodgson, 1974). Бұл теория исламды мәдени-өркениеттік контекст деп кең мағынада түсіндіреді. Ходжсон концепциясында Түркі әлемі – *islamicate-кеңістік*. Ол түркі әлемін ислам өркениетінің перифериясы деп түсіндірмейді, керісінше, X-XI ғ. бастап түркілердің ислам әлеміндегі саяси, әскери және әлеуметтік күш ретінде танылғанын ескертеді. Түркілер ислам институттарын өздеріндегі әлеуметтік-мәдени құрылымдармен ұштастырып, көптілді *islamicate-кеңістік* қалыптастырған. М.Ходжсон идеяларына сүйенсек, ЕҚЖТ-ін *islamicate-мұра* деп қарастыруға, ал бұл тілдің графикалық, лексикалық, жанрлық сипаты қазақ қоғамының да осы кеңістіктің бір бөлшегі, аймақтық жазба тілдің *islamicate-көрінісі* деп тануға болады.

Ислам дінімен байланысты дүниелердің бәрін, соның ішінде ескі қазақ жазба тілін назардан тыс қалдыруға тырысқан кеңестік кезеңдегі редуccionистік бағыт пен *islamicate* бағытын салыстыру мынаны көрсетеді: жазба тіл дәстүрін дін призмасы арқылы қарастыру зерттеудің аналитикалық мүмкіндіктерін шектейді, ал ЕҚЖ тілін көпқырлы мәдени-тілдік

құбылыс ретінде қарастыру қажет, себебі ол ислам өркениеті шеңберінде қалыптасса да діни дискурспен ғана шектелмейді.

Ходжсон теориясының заңды жалғасы ретінде Девин ДеУис концепциясын атауға болады. Оның жазба дәстүр концепциясы ЕҚЖТ құбылысын түсіндірудің әдіснамалық негізін толықтыра алады. Ол өз еңбегінде (DeWeese, 2018) ЕҚЖТ тікелей қарастырмаса да, оның ұсынған интерпретациялау үлгісі жазба дәстүрге қатысты дұрыс пайымдауға көмектеседі. Бұл концепцияның тезисі: жазба дәстүр тек қана діни дискурспен шектелмейді. Орталық Азияда дүниеге келген жазба дүниелердің басым бөлігі ислам терминдері мен символдарын актив түрде қолданылса да, діни мәтіндер емес (DeWeese, 2018). Бұл тезис ЕҚЖТ-ін діни немесе кітаби құбылыс ретінде қарастырмау керектігін айтады. Мұндай мәтіндер әлеуметтік, әдеби, әкімшілік, тарихи жад функцияларын атқарды. Жазба дәстүрді, ең алдымен, әлеуметтік тәжірибе ретінде қарастыру керектігін тұжырымдайды.

Өртүрлі ғылыми концепцияларды салыстыра талдау арқылы мынадай қорытынды жасауға болады: ЕҚЖТ, бір жағынан, өркениеттік-мәдени құбылыс, екінші жағынан, ол әлеуметтік қызмет атқарды. Ол исламикеит-жазба дәстүрдің бөлігі, сонымен бірге күнделікті коммуникация, басқару, ұжымдық жадыны сақтау құралы қызметін атқарған. Көзқарастардың мұндай синтезі қазақ жазба мәдениеті үлгілерін кешенді қарастыруға жол ашады.

Дж. Гудидің жазбаша дәстүр теориясы М.Ходжсон мен ДеУисс концепцияларымен толығы келіп, ЕҚЖТ-ін өркениеттік үдерістің жемісі деп қарастыруға мүмкіндік береді. Қолданылған теориялық негіз арқылы ЕҚЖТ-ін тарихи-лингвистикалық сипаттау нысаны ретінде ғана емес, сондай-ақ ислам мәдени-тілдік экожүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қайта пайымдай аламыз.

Араб-парсы жазба дәстүрлері кітаби мәдениеттің тұрақты үлгілері ретінде әлдеқашан танылған. Ал бұл үлгілерді мұсылман әлеміндегі өзге де халықтар қабылдап, өз игіліктеріне айналдырды (Hodgson, 1974; Schimmel, 1990). Мақаламызда бұл үлгіні интерпретациялауда *ислам жазба дәстүрінің өркениеттік эталоны* немесе *үлгісі* деген терминді қолданамыз. Мұсылман Шығысында араб тілі сакралды және ғылымның тілі қызметін атқарса, парсы тілі поэзия тілі және әкімшілік тілі, тілі ретінде маңызды рөл атқарғаны мәлім. Нәтижесінде жазба мәдениеттің қостілді үлгісі қалыптасты. Бұл үлгінің түркі тілдеріне әсері жазба әдеби тіл жүйесін меңгеруге жол ашты.

Араб-парсы жазба дәстүрі шағатай және ортаазиялық жазба әдеби тіл дәстүрінде жалғас тапты. Түркологияда шағатай тілі дәстүрлі түрде Орталық Азия аймағына қызмет еткен жазба тіл ретінде түсіндіріледі. Шағатай тілі - ескі осман тілі секілді қалыпқа түскен нормасы бар, дамыған әдеби дәстүрі бар тіл. Самойлович шағатай тілі деген терминнің орнына «ортаазиялық жазба әдеби тілі» деп атауды ұсынады да, шағатай тіл деген терминді ортаазиялық жазба әдеби тілдің классикалық кезеңін атау үшін қолданады (Самойлович, 1928:23). Мұның өзі шағатай тілін анықтауда бірізділік жоқтығын көрсетеді. Біз бұл мәселеге тоқталмаймыз. Шағатай тілінің қызметі араб-парсы жазба дәстүрімен тығыз байланысты, бұл жазба кодтың беделі де жоғары болды. Әйтсе де шағатай тілін әмбебап эталон ретінде пайдалану аймақтағы өзге де жазба тіл дәстүрлерін түсіндіруде әдіснамалық қиындық туғызып келді (Тенишев, 2011: 207). Осыған байланысты ЕҚЖТ-нің дербестігінің дәрежесіне және оны шағатай тілінен ажырату кретийлеріне қатысты мәселелер туындайды. Бұл тұста Қазақстандағы ескі осман тіліне қатысты Е.Есбосынов зерттеулері де ғылыми мәліметтер береді (Есбосынов, 2025 (а), Есбосынов, 2025(б)). Күні бүгінге дейін шағатай тілі және ортаазиялық жазба әдеби тілі деген терминдік тіркестерді бір ұғымның екі түрлі атауы немесе синонимдес терминдер ретінде түсіну орын алып келеді. Ғылыми зерттеулерге шолу нәтижесі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: ортаазиялық жазба әдеби тіл деген терминдік тіркес Орта Азия мен Орталық Азиядағы араб-парсы жазба мәдениетінің дәстүрін білдірсе керек. *Дәстүр* деген сөзді қолданбаса да Э.Р.Тенишев, Р.Сыздықова

қолданыстарындағы бұл термин тілден гөрі кең ұғымды – әлеуметтік практиканы білдіретін тілдік дәстүр ұғымына саяды. Біз де *ортаазиялық жазба әдеби тіл* деген терминді ортаазиялық жазба әдеби тіл дәстүрі деп түсінуді ұсынамыз.

Осылайша, ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуын бір сәттік құбылыс немесе сырттан дайын күйінде қабылданған тіл ретінде емес, ортаазиялық түркілік жазба дәстүрдің негізінде дамыған, бірақ қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени сұраныстарына бейімделген тарихи үдеріс ретінде түсіну орынды. Бұл тұжырым ескі қазақ жазба тілінің ұлттық қазақ әдеби тілінің тікелей алғышарты болғанын көрсетуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге жасалған шолу ескі қазақ жазба әдеби тілінің қазақ тіл білімінде біршама зерттелгенін көрсетті. Алайда зерттеулерде ЕҚЖТ ислам өркениеті аясында немесе Шығыстағы жазба тіл дәстүрімен байланыстыра қарастыру көзделмейді. Әртүрлі кезеңдерде ЕОЖТ-нде жазылған мәтіндерге жеке-жеке талдау жасалады. Осы жеке-жеке қарастырылған мәтіндердің негізінде ортақ тұжырымдар жасау, алынған білімдерді синтездейтін жұмыстар аз. Бұл зерттеу жұмысымызға белгілі дәрежеде кедергі болды. Ескі қазақ, ескі татар, ескі қырғыз, ескі өзбек т.б. түркі тілдеріне ортақ белгілердің анықталмауы ұлттық жазба тілдердің дамуын жазба әдеби тілдердің әмбебап теориясы аясында қарастыруды күрделендіреді.


Қорыта келгенде, ЕҚЖТ қазақ тіл білімінде белгілі бір дәрежеде зерттелген, ЕҚЖТ-ін Шығыс жазба әдеби тілдерінің әмбебап теориясы негізінде кешенді қарастырып, қайта пайымдау қажеттігі бар екенін көрсетті. ЕҚЖТ қазіргі күнге дейін Шығыс жазба әдеби тілдерінің әмбебап теориясы аясында жүйелі түрде қарастырылмай келгенін айтамыз. Біздің мақаламыз осы «ақтандақты» толтыру мақсатында ЕҚЖТ-ін ислам өркениетіндегі араб-парсы кітаби мәдениет негізінде қалыптасқан жазба әдеби тіл ретінде интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Араб-парсы жазба дәстүрі Орталық Азия аймағындағы шағатай тілі және ортаазиялық жазба әдеби тіл дәстүріне ұласты. Түркологиялық еңбектерде шағатай тілі Орталық Азия кеңістігінде дамыған жазба әдеби тіл ретінде қарастырылады. Орныққан орфографиясы, бай әдеби дәстүрі бар шағатай тілі араб-парсы жазу моделіне негізделген. Бірқатар еңбектерде түркі жазба мәдениетін сипаттаудағы әмбебап эталон рөлін атқарды деп атайды. Шағатай тілі деген терминнің қолданысында әдіснамалық проблемалар да бар: кейбір еңбектерде оны жазба дәстүрдің жалғыз бастауы деп санау локальдық түркі тілдерінің дамуындағы ерекшеліктерді жете бағаламауға соқтырады. Осы тұрғыда өзге түркі тілдерінің дербестігі мен оларды шағатай тілінен ерекшелігін анықтаудың критерийлерін жасау қажеттігі туады. Бұл проблема ЕҚЖТ қарастыруда ерекше маңызға ие, себебі ЕҚЖТ кейбір ғалымдар ескі өзбек тілі мен шағатай тілі бір ұғымның екі түрлі атауы деп түсіндіруі түркі тілдерінің даму эволюциясындағы логикалық тізбекті бұзады. Сондықтан ескі қазақ тілі, ескі өзбек тілі, ескі татар тілі т.с.с. түркі тілдерінің арқауы шағатай жазба әдеби тілі, түркі тілдері оның дамуының заңды жалғасы. Сонымен бірге ортаазиялық жазба тіл деген ұғым мен шағатай тілін де бір ұғым деп атау бар, бір ұғымды әртүрлі терминмен беру қолайсыздық тудыратынын ескере отырып, *ортаазиялық жазба әдеби тіл* аталған аймақтағы жазба тілдің өзін емес, оны қамтитын дәстүрді атауды ұсынғандарын еске саламыз. Сондықтан шағатай тілін орталық Азия аймағында қолданыста болған, бастауларын араб-парсы жазба дәстүрдің жалғасы болып табылатын жазба әдеби тіл де, ал ортаазиялық жазба әдеби тіл деудің орнына ортаазиялық жазба дәстүрі деп түсіндіреміз.

Ислам өркениеті кеңістігіне ену тек араб, парсы тілдері сияқты өркениет тілдерін ғана емес, сонымен бірге жазба дәстүрдің терең құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін меңгеруге алып келді. Бұл қандай ерекшеліктер? Оған араб жазуының қолданылуы, мәтіндердің жанрлық сипаты (діни, дидактикалық, тарихи шежіре), жазба тілге тән формулалар мен клишелердің, кітаби синтаксистік конструкциялардың қолданылуы, нормаланған жазбаша үлгіге сүйену не еліктеу, сонымен бірге тілдің институтталған

салаларда - діни білім беру, құқық пен заң және тарихи жад қалыптастыруда – қолданылуы жатады. Осы тұрғыдан қарастырғанда ЕҚЖТ – екіншілік немесе перифериялық тіл емес, жалпыисламдық жазбаша дәстүрдің жергілікті, яғни локалдык көрінісі.

Дж. Гуди теориясы бойынша, жазба тіл адамдардың өз білімдерін жүйелеп, ұйымдастыру тәсіліне түбегейлі өзгеріс енгізеді. Дәстүрлі мәдени және тілдік ақпараттар ендігі жерде желілі баяндау арқылы ғана берілмейді. Қордаланған білім тізбектеу, жіктеу және каталогтау сияқты құрылымдау тәсілдері арқылы ұйымдастырылады, нәтижесінде тізімдік-реестрлік логика қалыптасады. Тізімдік-реестрлік логика мен тәсіл ислам жазба дәстүрінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде діни және діни емес (зайырлы) мәтіндерден көрініс тапты. Бұл тәсілдің қолданысына Қадырғали Жалайыри бидің жылнамасы мысал бола алады. Жылнама-шежіресін оқып, танысудан бұрын, оның факсимилесіне көз жүгіртудің өзінде бұл тәсіл көзге бірден түседі. Қадырғали би араб жазулы мәтінді бағандарға бөліп, топтастырып, әрқайсынының үстіндегі жолға арабтың «бірінші» деген мағынадағы اول *аууал*, *екінші*, *үшінші*, *төртінші*, *бешінші* ... деп, реттік сан есімдермен беруі – осы логиканың көрінісі. Ақпаратты беруде оны бірнеше бағанаға бөліп беру секілді графикалық тәсілдердің қолданысы мәтіннің визуалды тұрпатынан да байқалады. Ақпараттарды мағыналық жағынан жүйелеп, бағаналарға топтастырып беру – осы тәсілдердің бірі. Төменде келтірілген мәтін үзіндісі осыны көрсетеді.



Қосымұлы Қадырғали би «Жами'ат тауарих («Жылнамалар жинағы»)⁶

Қадырғали би жылнамасының Һулагу ханға арналған бөлімінде ханның он төрт ұлы мен жеті қызын реттік сан есіммен санамалап береді: «*Аууал Һулагу хан ның оғлы Абака хан. ...Екінші оғлы Һулагу хан ның Жумқур ... Үшінші оғлы Һулагу хан ның Йушмут. ...Он төртүнші Һулагу хан ның оғлы Тагай Темур*» (203-206-бб.), он төрт ұлдан кейін қыздары санамалап көрсетіледі (207-бетте) де, бөлімді былай қорытындылайды: «*Һулагу хан ның оғлан лары, қыз лары жүмләсі, аның нәслі тамам болды, мұндағ тафсил қылынды*» (207-б.). XVI ғасырдағы жылнама авторының қолданысындағы *тафсил қылу* – араб тіліндегі «талдау, жіктеу» мағынасындағы араб философиясында қалыптасқан термин. Терминнің тарихына қысқаша тоқталатын болсақ, ежелгі гректердегі Аристотель логикасын араб тіліне аудару арқылы араб тілінде VIII-XIX ғасырларда алғашында логикада қалыптасқан термин (al-Maghnisi, 181-182).

⁶ Сурет Р.Сыздықова мен М.Қойгелдиевтің «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» атты еңбегінде берілген қолжазба факсимилесінен (263-бет) түсірілді

Оған қарама-қарсы мағынадағы *иджмāl* «синтез, жинақтау» терминін жылнамада *джумлә* (мәтінде *жүмләсі*) сөзімен берілген. Жалпыдан жалқыға көшу, тілдегі жалпылықты білдіретін «барлығы» мағынасындағы *джумлә* сөзінен кейін келген тафсил қылу жалпыны тарқатып түсіндіру мақсатындағы ойдың бағытын білдіріп тұр. Байқағанымыз: жазбаша мәтін белгілі бір құрылымға ие. Мәтін басында ортағасырлық автор не туралы жазатынын айтып, оқырманды дайындайды, содан кейін негізі ойы қатаң жүйеленіп, тізбектеліп, реттік сан есіммен белгіленіп беріледі де, мәтін соңында айтқандарын қорытындылайды. Қадырғали би санамалап беруде мүлде жаңылыспаған, реттік сандар қатаң тәртіппен, бірінен кейін бірі жүйелі түрде берілген. Егер Қадырғали бидің бұл жылнамасын Әлкей Марғұлан «қазақ жазба мәдениетінің алғашқы үлгісі» деп бағаласа (Сыздықова, Мәмбетов, 2014:33), ортаазиялық тарихи шығармалар құрастыру дәстүрінде жазылса (Сыздықова, Мәмбетов, 2014:30), бұған қоса жылнаманың бір бөлігін Рашид ад-Диннің парсыша жазылған «Тарихи Рашиди» еңбегінен аударғаны туралы жылнамашының өз сөзін ескерер болсақ, онда бұл еңбекті ортағасырлық жазба дәстүрдің, ортағасырлық тарихи-элеуметтік ойлау логикасының репрезентанты деп танымыз. Ортағасырлық тарихнамада адам, ру атауларының бірізді тізімдер арқылы берілуі бұл дәстүрдің жазбаша сипатына байланысты, мұнда мәтін жаңа мағыналар тудырудан гөрі, бұрыннан қалыптасқан ұжымдық білімді бекіту және қайта жаңғырту қызметін атқарады. Тізбектеу тәсілі рулық жадының сақталуын және генеалогиялық тізбектердің дәлме-дәл қайта жаңғыруын қамтамасыз етіп, ру-тектік элеуметтік құрылымды бейнеледі. Жылнаманың тізімдік формасы генеалогиялық баяндауға нормативтік сипат беріп, оны сакралданған жүйе ретінде танытады. Бұл – қоғамды классификациялау моделі ретіндегі жазбаша нарратив.

Дж.Гуди белгілеп көрсеткен білімді санамалар беру, жүйелей отырып жеткізу ЕҚЖТ-де жазылған діни-дидактикалық қисса-дастандарда да қолданылған. Діни мазмұндағы мұндай мәтіндерде парыз, уәжіп, сүннет секілді діни міндеттерді белгілі бір тәртіппен санамалап беру, күнә мен жақсы амалдардың тізімі, ақыл-кеңесті айтуды белгілі бір құрылыммен беру дәстүрі сақталған.

Ислам өркениеті – интеллектуалды өмірі мәтін төңірегіне ұйысқан кітаби өркениет (Schimmel,1990). Құранның хатқа түсуі мәдениеттің жаңа моделін жасады деуге болады. М.Ходжсон айтқандай, қордаланған білімді сақтау, жеткізу және оны ақылмен зерделеу қажеттігі дерексіз ұғымдармен, концептуалды схемалармен байланысты теология, құқық, философия сияқты ғылымдарды өмірге әкелді. Гуди жазуды тікелей абстракт біліммен байланыстырады: жазба дәстүрдің жауызша дәстүрден ерекшелігі сонда, ол білімді ұйымдастырудың ерекше тәсілдерін ұсынады. Жазудың пайда болуы идеяны талдау нысанына айналдырады. Бұл ислам әлеміндегі ғылыми трактаттар, тәпсірлер, құқықтық мәтіндер секілді жанрлардың дамуына алып келді. Осылайша, кітаби мәдениет дерексіз ұғымдар салтанат құрған когнитивті ортаға айналды. Егер ауызша дәстүрде айтылмақ ой белгілі бір жағдаятқа тәуелді, ал жазба дәстүр (не жазу) ұғымның нақты жағдаяттан қол үзіп, дерексіз категориялардың қалыптасуына жағдай жасайды. Басқаша айтқанда, тілдегі дерексіз сөздер мен ұғымдардың пайда болуы жазба дәстүрмен тығыз байланысты. Қазақ әдеби тілі тарихындағы жазба тілі мәтіндеріне қатысты зерттеулердің бәрінде дәл осы пікір орталық идея ретінде көрініс тапқан. Мұндай дерексіз сөздер мен ұғымдарды, негізінен, араб, парсы тілдерінен енген бірліктер құрайды. Қадырғали Қосымұлы шежіресіндегі араб сөздерінің дені осындай. Олардың басым көпшілігі қазақ әдеби тілінде орныққан кірме сөздер : «мемлекет» және «бақыт», «байлық» мағынасындағы *даулат*, *асл* (*негіз, түбір*), *илтифат*, *ихлас*, *ишарат*, *қаһар*, *файда*, *мадх*, *ма'на* (*мағына*), *расм*, *мурат*, *дин*, *рахм*, *адат*, *хақ*, *хукм және т.с.с.* Және бұл жәдігердегі кейбір түркі сөздерінің араб сөздерімен жарыса, қатар қолданылуы – сол кезеңдегі түркі жазба әдеби тілінің нормасына ден қоюынан (Сыздықова, Қойгелдиев, 2014:73). Одан кейінгі кезеңдерде араб, парсы сөздері дерексіз ұғымдар атауы ретінде жалпыхалықтық тілде берік орныққан. Ал XIX ғасырда Абай өз тұсындағы

жалпыхалықтық қолданыстан орын алған араб, парсы сөздерінің мағыналық аясын кеңітіп қана қоймай, өзінің дүниетану, дін, өнер, этика туралы прозалық шығармаларында өзіне дейін қолданыста болмаған жаңа арабизмдер мен фарсизмдерді әкеледі. Мұның себебін түсіну үшін экстралингвистикалық мәліметтерден іздеу керек: Абайдың сол тұста иран ғалымы Дауани (XV ғ.) еңбектерімен таныс болған, өзінің дін, этика және философия туралы жазған дүниелерінде шағатай тілі мен парсы әдеби тілдеріндегі араб тілінен алынған діни-ғылыми лексиканы пайдаланған (Сыздықова(в), 2014:107). Демек, ескі қазақ жазба тіліндегі дерексіз сөздердің мол қабаты араб-парсы тілдерінен алынған, мұның себебі де ислам өркениеті кеңістігіндегі жазба тіл дәстүрімен байланысты Ескі қазақ жазба тілінде бұл араб, парсы тілінен енген кірме сөздер қабатынан көрінеді. *ilm* (ғылым), *adl* (әділет), *imān* (иман), *niyyet* (ниет), *taqwa* (тақуалық) секілді тілдік бірліктер нақты жағдаятқа байланбаған, жалпыға ортақ концепт қызметін атқарады, ең алдымен, ауызша емес, жазбаша дискурстан көрініс табады.

Жазба тіл нормасына тән белгілердің бірі – тілдегі категориялық оппозициялардың орнығуы: *дүние/ақырет, zahir/батин, хақ/батил, о дүние/бұ дүние, асан болу/мүшкіл болу; фәни/бақи т.б.* Шындық болмысты бинарлық және иерархиялық категориялар арқылы пайымдау – жазба дәстүр қалыптастырған тәсіл. Әрине, бинарлық және иерархиялық қатынастағы ұғымдар қашанда адам ойлауына тән әмбебап қасиет екені анық. Ол ауызша тілге де, жазбаша тілге де тән. Бірақ жазба дәстүр оның нормативтік сипатын күшейтіп, оған канондық сипат берді, жазбаша мәтіндермен бекітті. Дәйектелер, түсініктемелер, аллюзиялар мен реминисценциялар арқылы оларға қайта оралу, қайта қалпына келтіру мүмкіндігін берді. Оған қисса-дастандардағы Құран аллюзиялары мен реминисценциялары, қазақ тілінде тұрақты тіркестерге, фразеологизмдерге айналып, қалпын сақтап жеткен тілдік үлгілер мысал бола алады (*аманатқа қиянат жасамау, жүрегіне дерт түсу, өмірдің гүлі, алмисақтан бері, Қарынбайдай сараң, Лұқпандай мың жасау, нұр үстіне нұр, (жетімнің) ақысын жемеу* т.с.с. (Жұбатова, 2014: 165-187).

Жазба мәтіндер логикалық дәйектеудің күрделенуін көрсетеді. Жазу ұзақ, күрделі, көп сатылы аргументтер құруға мүмкіндік береді, ауызша сөйлеу тілінен осынысымен ерекшеленеді. Ал бұл тілдің синтаксистік жүйесінен көрінеді. Қазақ тілінің тарихи синтаксисіне қатысты зерттеулерде жазба материалдар синтаксисінің даму динамикасы сипатталады. Ықшам, келте қайырылатын жай сөйлемдер уақыт өте келе шұбалаңқы, ұзақ сөйлемдерге айналатын даму эволюциясын бастан кешіреді. Бұл пікірді Т.Қордабаев сөзі қуаттайды: «... (сөйлемдердің) құрылыстары барлық дәуірде бірдей емес: неғұрлым арғы заманға қарай кетсек, соғұрлым сөйлемнің аз сөзді, жабайы, ықшамды, бір-бірімен нашар ұштасқан, келте-келте қайтарылатын сөйлемдер (болып келеді)» (Қордабаев, 1964:20). Ескі қазақ жазба тіліне араб, парсы тілдерінің әсері тек лексикалық емес, синтаксистік деңгейінде жүргені анық, себебі тілдік құрылымның күрделенуі дегеніміз ойдың күрделенуі. Қазақ тілші ғалымдарының айтуынша, XV-XVI ғасырлардағы жазба ескерткіштерде жалғаулықтар аз қолданылған, олардың саны аз, ал сол аз жалғаулықтардың дені араб, парсы тілдерінікі екенін айтады (Қордабаев, 1964:61). Ислам өркениетіндегі модель қызметін атқарған араб, парсы тілдерінің синтаксистік деңгейдегі ықпалы әлі күнге дейін арнайы зерттеу нысаны болмағанға ұқсайды, алайда XVI-XVIII ғасырлардағы жазба дәстүрде қарама-қарсылық, себеп-салдарлық, шарттылық қатынастарын білдіретін сөйлемдердің *егер, ләкин, сол себепті* сияқты араб, парсы жалғаулықтарымен келуі, төл сөз бен автор сөзінің қолданысы, алдыңғы айтылған ойды басқаша айтып түсіндіруде *яғни* сөзімен келетін оңашаланған айқындауыш түріндегі сөйлеммен берілу – осындай толып жатқан ерекшеліктер ойдың күрделене түскенін танытатын жазба тіл дәстүрінің айқын. Синтаксистік ерекшеліктер араб, парсы тілдерінен аударылған мәтіндер, мысалы шежірелер тілінен анық байқалады. Оларды түпнұсқа мәтіндермен салыстырғанда, қазақша сөйлемдегі сөздер тәртібінің өзі араб, парсы тілдерінің ықпалын білдіріп қояды. Сондықтан түркі тілдерінің нормасына «сыймайтын» «төңкеріліп

жүрген сөйлемдердің» (Сыздықова, Қойгелдиев, 2014:106; Сыздықова, 2014 (в):313) болуын, араб, парсы, тіпті орыс тілі секілді генеологиялық тұрғыдан да, типологиялық жағынан да бөлек тілдер үлгілерін қазақ тіліне әкелуге талпыныс аударма арқылы қалыптасқаны сөзсіз. Себебі Қадырғали би парсы тіліндегі үлгіні тұтты, ал Абай болса, шағатай тіліндегі интеллектуалдық дүниелерді оқыды. Бүгінгі қазақ тілінің нормасына қайшы келетін мұндай олқылықтардың орын алу себебі мәтін жазылған өткен ғасырларда түркі прозасының синтаксистік, нормасының әбден қалыптасып, қатаң жүйеге айналып үлгермегенімен байланысты, сонымен бірге аударма орын алған жердегі парсы синтаксисінің әсері де жоққа шығарылмайды. Ескі қазақ жазба тіліндегі аударма арқылы қалыптасқан кітаби модельдердің түпнұсқа тілдердегі нұсқасы грамматикалық тұрғыдан өзгеріссіз бүгінгі тілге жеткен конструкциялардан байқалады: *дін мұсылман, дін ислам, лаухулмахфуз, бісмилла, машаалла, аллаху акбар, хуснихат* секілді араб тіліндегі фраземалармен бірге жартылай калькаланған тұрақты тіркестерді де осы қатарға қосамыз (*нұшайман болу, әбілхаят суы, раушан жүзді, жүзі раушан т.с.с*).

Белгілі бір схемаға негізделген аргументтердің қолданылуы да кітаби дәстүрдің жемісі. Ойдың белгілі бір формулаға сай өрбуі – логикаға құрылған күрделі ойлауға тән. Мұнда ой **Тезис** → **Дәлел** → **Қорытынды** схемасымен өрбиді. Бұған мысалды Қадырғали бидің «Жылнамалар жинағынан» көптеп келтіруге болады. Мысалы: *Затың сенің айға ұқсайды. Ал айдың мұраты барша ғаламдағы жандыға нұрын төгу. Сенің де барлық барлық елге рақымың тиер». Мұндағы тезис «сен – айсың», айға теңеудің дәлелі айдың қасиеті, яғни жандыларға нұрын төгеді, бұдан шығатын қорытынды: «сен де ай секілді елге нұрыңды төгесің, яғни елге қайырың тиеді (Жылнамалар жинағы, 227-б). Келтірілген поэтикалық үзіндіде ойдың құрылымы «тезис–дәлел–қорытынды» логикасы арқылы жасалып тұр. Алдымен адресат ай бейнесі арқылы концептуалданады («сен – айсың»), бұл тұста ай образы тек астрономиялық нысан ретінде емес, мәдени-символдық мәні бар концепт қызметін атқарып тұр. Теңеудің семантикалық уәжі айдың барша ғаламдағы жанды нәрсеге жарығын төгу қасиетімен айқындалады. Аталған қасиет поэтикалық ойда адресатқа телініп, нәтижесінде ай бейнесі арқылы оның елге рақымын төгетін, қайырын тигізетін қамқор әрі жарылқаушы тұлға ретіндегі әлеуметтік-этикалық сипаты түйінделеді. Осылайша ай концепті арқылы жеке адам бейнесі қоғамдық мәнге ие болып, поэтикалық теңеу логикалық қорытындымен аяқталады. Не болмаса, келесі бір түйдекті байқайық: *Сүюргал үлестіріп жарылқауың теңізге ұқсайды. Теңіздің мұраты ... дәррия түгенбесе түгенбеу. Дария суын ешкім де тауыса алмас. Сол сияқты сенің де қазынаңдағы дәулетің қаншама сыйға, жәрдемге үлестіргеніңмен мәңгі ортаймас (Жылнамалар жинағы, 227-б.). Мұндағы тезис: «Сенің дархандығың теңізге ұқсайды», дәлел: теңіздің суы ешқашан таусылмайды, бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома, бұлтартпас айғақ. Қорытынды: сенің байлығың ешқашан бітпейді, тұрақты болмақ. Осылайша, ойдың жүйелі, белгілі бір логикалық тәртіпке сай өрбуі, сөз жоқ, жазба мәдени дәстүр жетістігіне жатады.**

Беделді дереккөздерге жүгіну, белгілі бір формулалардың көмегімен сөзінің шындыққа сәйкестігін жеткізу, сендіру жазба тіл дәстүрінің анық көрінісі. «Құранда айтылғандай...», «Ғалымдар айтқан...», «Пайғамбар хадисінде...» деген секілді деректерге сілтеу не болмаса Құран аяттарынан, пайғамбар хадистерінен дәйектеме келтіру дәстүрі 16 ғасырдағы Қадырғали Жалайыри тілінен бастап, ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап - ХХ ғасырдың басына дейін жазылған қисса-дастандарда орын алды. Аталған дәстүрдің түркі тілдерінде көрініс табуының айқын мысалын М.Қашғаридің «Диуан луғат әт-түрк» сөздігінен көреміз. Ислам мәдени дәстүріне сай, М.Қашқари жалғасыра отырып, өзінің ғылыми тұжырымдарын бекіту үшін ғылыми дереккөз - Құран мен хадистерге сүйенеді. Өзінің лексикографиялық қағидаттарын түсіндіруде оқырмандарын сендіру үшін риторикалық құрал ретінде қасиетті мәтіндерден алған аяттарды қолданады: «Мен келтірген барлық ережелер мен мен сүйенетін барлық қағидалар осы келтірілген тілдерге қолдауға болады, Ұлы да күдіретті Алланың

қалауымен, олар белгілі болсын» (Диуан луғат ат-турк:22). Түркі диалектілеріндегі й дыбысының қайталану заңдылығын араб тіліндегі мысалмен салыстыра түсіндіру мақсатында Құранға жүгінеді (Диуан луғат ат-турк:68). Түркі сөздерінің семаникасын ашу үшін де сакральды мәтіндерге жүгінеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірейік: «*Этот вид [отглагольного имени] используется для подтверждения и констатации [действия], как в словах Аллаха, Благословенного и Всевышнего: ва каллама ллаху муса таклиман [«Аллах обратился к Мусе с речью...» (Коран, 4:162) (Диуани луғат ат-турк:19). Хадистерді мысал ретінде қолданады: «Я слышал от благонадежного Эмира Бухарского, а также от другого имама, живущего в Нишапуре, что посланник Аллаха (да благословит его Аллах и приветствует) – говоря о свойствах нынешних дней, о сумятице, присущей концу эпохи, и выступлении тюрок – огузов, сказал: «Учите язык тюрок, так как их правление будет длительным... Если этот хадис достоверен, - а ответственность лежит на тех двоих, его необходимо изучать, а если и не достоверен, его требует разум» (ДЛТ:4).*

Здесь можно приводить и словарную статью слова *ūzāk* («спинной мозг»), где автор цитирует слова Пророка, в которых говорится о спинном мозге: «Пророк – да благословит его Аллах и приветствует – сказал о нем: «Трапеца в Хайбаре напоминает о себе: тогда был перерезан мой спинной мозг» (ДЛТ:48). Махмуд әл-Қашгаридің Құран мен хадистерге арабтарға түркі тілін үйрету мәселесіне легитимдік беру мақсатында қолданады (Ауэзова:2005). М.Қашқари сөздігінің метатілі араб тілі болғаны мәлім, олай болса ислам өркениетіндегі дәстүрге мойынсұнуы заңды, енді сол дәстүр ХІҲ ғасырдағы да, одан кейінгі ғасырлардағы мәтіндерде жалғасын тапқанын көреміз. Осылайша жазба мәтіндерде көрініс тапқан дәстүр ХХ ғасырға дейін жетті. Оған ғылыми-шежірелік мәтіндерді былай қойғанда, әдеби үлгілерге жататын қисса-дастандар тілінен де молынан табамыз. Қисса-дастандардың авторлары араб, парсы тілдерінен жекелеген лексикалық бірліктер, сөз тіркестерін алып қана қойған жоқ, сонымен бірге бүтіндей фразаларды қиссаларына ензізіп отырды. Қасиетті Құраннан, пайғамбар хадистерінен дәйектемелер келтіру - бұл тек түркі әдебиеттерінде ғана емес, ислам мәдени кеңістігіндегі әдебиет пен тілде орын алған үрдіс. Оны мұсылман халықтарының әдебиетінде Мұхаммед пайғамбар заманынан бері қолданылып келе жатқан тәсіл. Құран ислам кезеңіндегі араб әдебиеті мен басқа да мұсылман халықтарының әдебиетіне ықпалы орасан зор болды. Мұсылман діні мен шарифатқа қатысты діни трактаттарды былай қойғанда, ортағасырлық әдеби туындылар ислам дүниетанымын бойына сіңіріп, тұнып тұрған құраннан сөзбе-сөз алынған дәйектемелермен, құран реминисценцияларымен қамтамасыз етілді (Фильштинский, 1991). Бұл бір жағынан жазба дәстүрдің әдебиеттегі көрінісі болса, екінші жағынан, өркениет тілі болған араб тілін меңгергендіктерін, өз кезеңіндегі сауаттылықты көрсету ниетінде, үшіншіден, өздерінің ағартушылық-гуманистік идеяларын таныту мақсатымен де байланысты. Олар ислам өркениетіндегі озық идеяларды насихаттап, дидактикалық функция атқарған мәтіндерді дүниеге әкелді: болды. Мысалы, «Қисса-и Йусуф уа Зудейха мәс'әласы» қиссасында Құранның «Йусуф» сүресінен жекелеген аяттар келтіріп, бұл аяттар дәл Құрандағыдай қысқа дауыстылармен (харакаттармен) берілген, мысалы: 'Atuni bi'ahlikum ajma'in (Йусуф сүресі, 93-аят) немесе «Yā bushrā hathā ghulām» деді Мәлік» (Йусуф сүресі, 13-аят).

Осылайша, білімдегі легитимдікке қол жеткізу жазбаша түрде өмір сүретін беделді канондарға арқа сүйеу арқылы жүрді, соларға жүгінді.

Жазбаша тіл институционалды салаларға қызмет етті, сонымен бірге институттар бұл дәстүрдің өміршеңдігін қамтамасыз етті. Мұндай институттарға қазақ даласындағы медреселерді, діни білім беру мекемелерін, шарифат практикасын, тарихи жад қалыптастырудағы шежіре жазу дәстүрін жатқызамыз. Жазба дәстүр институттарға қызмет етеді, ал институттар болса, сол жазба тіл нормасын қалыптастырып, оны әрі қарай бекітуге қызмет етеді.

Ал енді институттардың мазмұнына келетін болсақ, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ даласындағы исламдық білім мазмұны белгілі дәрежеде жүйеленген еді. Жазба дәстүрге сүйенген пәндер мен оқу мәтіндерінің тұрақты, белгіленген корпусы, жүйесі болды. Бастапқы деңгей мектептерде (мақтаб) жүрді, араб жазуын меңгеруге, оқуға және Құран сүрелерін жаттауға көңіл бөлінді. Осылайша жазба дәстүрдің негізгі факторы – араб графикасына негізделген сауат ашу, алғашқы жазбаша мәтіндермен жұмыс істеу дағдысының негізі мектептерді қаланды (Frank, 2001).

Оқудың келесі деңгейі медреселерде жалғасты. Медреселердің оқу бағдарламасына классикалық циклды құрайтын атап айтқанда тәжуид, тәпсір негіздері, ислам құқығы (фикх), хадистану, араб тілінің грамматикасы секілді пәндер кірді. Бұл пәндерді игеру арабша жазба мәтіндермен жүйелі жұмыс істеуді қажет етті. Осының нәтижесінде оқушы арабша оқу мен жазудың нормативті формаларын меңгеруі қажет болды. Білім беру практикасына парсы тіліндегі мәтіндер де енді. Парсы тіліндегі поэзия мен проза рухани-этикалық тәрбие беру мақсатын көздеді, сонымен бірге әдеби стиль мен жанр туралы түсініктер қалыптастырды. Парсы мәтіндері арқылы оқушылар поэтикалық формаларды, метафора мен символдар тілін меңгерді, олар кейін осы білімдерің түркі жазба әдебиетін жасауда қолданды. Бұл үдерістен түркі тілі де тыс қалмағаны белгілі. Араб-парсы тілдеріндегі оқу материалдарын түсіндіру мен тәрбие беру ісінде оқушылардың ана тілі - түркі тілі маңызды рөл атқарғаны анық. Түркі тілінде күрделі діни идеяларды түсіндіруде, аударма және интерпретация жасауға түркі тілі қатысты. Осылайша түркі тілі сакралды білім мен жергілікті білім алушылар арасындағы дәнекер тіл қызметін атқарды. Түркі тілі ислам өркениетіндегі негізгі жазба тілдердің діни-дидактикалық қызметтерін меңгеруге мүмкіндік берді (Frank, 2001). Осылайша, қазақ даласындағы ислам білім беру жүйесі ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуындағы негізгі институционалды механизм болғандығын көреміз. Араб графикасын, араб-парсы жазба дәстүрінің негіздерін түркі тілі арқылы меңгеру діни-дидактикалық және әлеуметтік салаларда қызмет атқарған жазбаша формаларды қалыптастыруға, тұрақтандыруға жағдай жасады.

Ислам өркениетіндегі жазбаша тіл дәстүрі «дұрыс мәтін», «үлгілі нұсқа» деген түсініктерді қалыптастырды. Ескі қазақ тілі де бұл дәстүрден алшақ кеткен жоқ. Үлгілі нұсқа қызметін Құран мен хадис секілді діни мәтіндер атқарды. Мұндай жазба дәстүрде айқын көрінетін белгілерге мәтіннің басында және аяғында келетін тұрақты формулаларды, кітаби конструкциялардың – штамптар мен клишелердің – қайталануын, біріздендірілген орфографияны сақталуын жатқызамыз. Осының барлығы жазба тілді ауызша тіл дәстүрінен ерекшелейді. Жазба тіл постулаттарын сақтау сауаттылардың бәріне бірдей міндетті болды. Тіпті діни емес еңбектерде де осы заңдылық қатаң сақтады. Мысалы, Махмуд Қашғари лексикографиялық еңбегінде түркі сөзінің семантикасын ашып түсіндіру үшін Құран мен хадистерге сүйенді. Бұл түсінікті де, себебі түркілік ғалымның метатілі араб тілі болды, ал сакралды мәтіндер ортағасырлық араб лексикографиясы үшін жазба тіл үлгісі қызметін атқарды. Махмуд Қашғари қасиетті түркі-мұсылмандар тілін зерттеу ісіне легитимдік беру үшін Құран мен хадистерге жүгінеді. Одан кейінгі дәуірлерде жазылған еңбектерден де дәл осындай заңдылықтардың сақталғанын көреміз. Оған ЕҚЖТ-нің соңғы үлгілері – қисса-дастандарында да молынан кездеседі. Егер қисса-дастандардың ХХ ғасыр басында Қазан, Ташкент қалаларында араб графикасымен жазылған нұсқаларын алып оқитын болсақ, кітаби дәстүрдің тұнып тұрған мысалдарын табамыз. Соның бірі «Әбд әл-Мәлик» қиссасындағы Сейіткерей ақынның өз сөзін:

*Бисмилла деп Саид Герей қалам алар,
Алла деб ақ қағазға назар салар;
Әбд әл-Мәлик Сахиб Жамал екі гашық,
Ғаламға мисәл болғаны шаһзадалар.*

Қолыма хат жазарға алдым қалам,

Аллаға хәмд сәнә болсын тамам (Қисса и Абд әл-Мәлік), Қазан, 1909)

деп, Алланың атымен қиссасын бастауы, аллаға мақтау (хәмд сәнә) айтуы – осы дәстүрге беріктік. Осы тұста қисса-дастандарды кітап етіп бастырған кітаби ақындардың бәріне дерлігі қолданатын әдісті айта кетуге болады: қиссалардың соңында автор оқырмандарынан өзінің кеткен қателері болса, кешіріп, есімін дұғаларына қосуды сұрайды. мысалы бірнеше қисса шығарған Сейіткерей ақында: *Бар шығар арасында хаталары, Хатасын айып етме, асыл затым* (Қисса’и ‘Абд әл-Мәлик) деп бірнеше қиссаларда қайталануы назар аудартады. Бұл жердегі қате тек жазудағы орфографиялық қатемен байланысты емес (әрине, ол да бар), жазба дәстүрде орын алған белгілі бір канондар туралы, сол канондардан ауытқулар туралы. Ал тілдегі дәстүрге беріктік соныдан сүрлеу салуда айналып соғып отыратын үлгі болғаны, дәстүрге берікті араб жазуы өз қызметін тоқтатқанға дейін жалғасқаны рас.

Қорытынды

Ескі қазақ жазба тілі ауызша тілдің қарапайым жазба көрінісі емес, ол ислам өркениеті кеңістігінде қалыптасқан жазба дәстүрдің жалғасы ретінде, он екі ғасыр бойы халық игілігіне қызмет етті. Бұл дәстүр білімді ұйымдастыру мен жазбаша дискурс нормасын ұсынды.

ЕҚЖТ ауызша дәстүрдің хатқа түскен қарапайым формасы ретінде емес, білімді жүйелеп, құрылымдаудың, ұйымдастырудың тәсілдерінің жиынтығы деп түсіндіруге болады. Алынған нәтижелер жазбаша мәдениет дәстүрін жүйе ретінде қарастыратын механизмдерін орнықтырды. Оған тізімдеу мен санамалау арқылы құрылым түзу, дерексіз ойлау категорияларын дамыту, логикалық категориялардың күрделенуі жатады. Бұл аталған механизмдер ЕҚЖТ-дегі діни мәтіндерде ғана көрініс тапқан жоқ, сонымен бірге араб графикасымен жазылған зайырлы ғылыми, эпистолярлық коммуникацияда, жазбаша әдеби үлгі ретіндегі қисса-дастандарда көрініс тапты. Қадырғали Қосымұлының «Жами‘ат тауарих» еңбегіндегі генеалогиялық тізбектер мен тезис–дәлел–қорытынды үлгісіндегі пайымдаулар жазбаша дискурстың нормативтік сипатын айқындап, ескі қазақ жазба тілінің исламдық араб-парсы кітаби дәстүрінің құрамдас бөлігі болғанын дәлелдейді.

Сонымен бірге зерттеу жазбаша дәстүрдің тілдік құрылымдарға кешенді ықпал еткенін аңғартады. Араб-парсы тектес дерексіз лексиканың орнығуы мен синтаксистік құрылымдардың күрделенуі ойлау жүйесінің рационалдануымен және мәтіндік аргументацияның күшеюімен тығыз байланысты. Медреселік білім беру, діни мәтіндер корпусы және шежіре жазу практикасы жазба тіл нормаларын институционалдық деңгейде бекітіп, «дұрыс мәтін» ұғымын қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда, ескі қазақ жазба тілі тарихи-мәдени контексте қалыптасқан, канондық үлгілер мен нормаларға сүйенген және жазбаша дискурстың өзіндік нормаларын ұсынған жүйе ретінде бағалануы тиіс.

Әдебиеттер:

Ауэзова, 2005 - *Ауэзова З-А. Предисловие/* в кн.: Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк /Перевод, предисловие и комментарии З-А.М.Ауэзовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - С.6-50.

ӘбілқасымовҒ 1982 - *Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың II-жартысындағы қазақ әдеби тілі* (баспа нұсқалары тілі негізінде). -Алматы: Ғылым, 1982. -224 б.

Есбосынов, 2025 (а) - *Есбосынов Е. (а) Осман тіліндегі алғашқы оқулық: Каваид-и Османийе// Қазақстан шығыстануы. 2025. №4. Т.16. Б. 49-61.*
<https://doi.org/10.63051/kos.2025.4.49>

Есбосынов, 2025 (б) - Есбосынов Е. (б) Осман-түрік тілі зерттеулерінің қазақтілді контенттердегі көрінісі//Қазақстан шығыстануы. 2025. №2. Т.14. Б. 255-271 <https://doi.org/10.63051/kos.2025.2.255>

Жұбатова - *Жұбатова Б.* Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер. Алматы:Қазақ университеті, 2014. -314 б.

Калиева, Мустафаева - *Калиева Ш., Мустафаева А.* Шығыстану ғылымының деректанулық сипаты және Қазақстанда араб дереккөздерін зерттеудің бағыттары мен міндеттері// Қазақстан шығыстануы. 2025. №1.Т.13. Б. 230-240. <https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.230>

Қордабаев - *Қордабаев Т.Р.* Тарихи синтаксис мәселелері (XV-XVIII ғасырлар материалдары бойынша). Алматы: Ғылым, 1964. -214 б.

Мамырбек, 2024 - *Мамырбек Г.* Ескі қазақ тілінің жазба нұсқалары. Алматы: Асыл ЖК, 2024. -360 б.

Мамырбекова, 2006 - *Мамырбекова Г.М.* XVIII-XIX ғғ. Араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: филол.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. А, 2006. -136 б.

Махмуд ал-Кашгари, 2005 - *Махмуд ал-Кашгари.* Диван Лугат ат-Турк /Перевод, предисловие и комментарии З-А.М.Ауэзовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -1288 с.

Мусабаев, 1951- *Мусабаев Г.* Об изучении истории казахского языка// Вестник АН КазССР, 1951. №9. с.82

Самойлович, 1928 - *Самойлович А. Н.* К истории литературного среднеазиатско-турецкого языка, в сборнике: Мир-Али-Шир, Л., 1928. -С.1-23 <https://abashin.org/wp-content/uploads/2025/06/3navai.pdf> дата обращения 26.01.2026

Сыздықова - *Сыздықова Р. (а).* Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көптомдық шығармалар жинағы. Т.7. -Алматы: Ел-шежіре, 2014.-664 б.

Сыздықова - *Сыздықова Р. (б)* XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Мектеп, 1984. -216 б.

Сыздықова, 2014 - *Сыздықова Р.(в)* Абай шығармаларының тілі. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. А. : Ел-шежіре, 2014. -384 б.

Сыздықова, Қойгелдиев, 2014 - *Сыздықова Р., Қойгелдиев М.* Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы: көптомдық шығармалар жинағы. Т.5. Алматы; Ел-шежіре, 2014.-344 б.

Тенишев, 2011 - *Тенишев Э.Р.* Избранные труды. Книга 3. -Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2011.-256 с.

Тенишев, 2021 - *Тенишев Э.Р.* История тюркских письменных литературных языков донациональной поры //Российская тюркология. Москва, 2021. №1-2 (30-31). С.30-43

Фильштинский, 1991 - *Фильштинский И.М.* История арабской литературы. – Москва: Наука, 1991. -726 с.

References:

al-Maghni, 2021 - *al-Maghni Muhammad Fauzi.* Mughni al-tullābwa-ma’ahu sharh Isaghuji Seyful-Gullāb.- Lebanon: Dar Tahkik al Kitab, 2021. - 580 p. (арабша).

DeWeese, 2018 - *DeWeese D.* Islamic Central Asia: An Anthology of Historical Sources. — Bloomington: Indiana University Press, 2018. - 338 p.

Frank, 2001 - *Frank A. J.* Muslim Religious Institutions in Imperial Russia. The Islamic World of the Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910. Leiden - Boston - Köln, Brill, 2001 (Islamic History and Civilization, 35). -341 p.

Goody, 2000 - *Goody Jack.* The Power of the Written tradition. Washington: Smithsonian Institution Press, 2000. 192 p.

- Hodgson, 1974 - *Hodgson M.* The Venture of Islam: Conscience and History in a World Civilization. Vols. 1–3. — Chicago: University of Chicago Press, 1974. 1320 p.
- Ong, 1982 - *Ong W. J.* *Orality and Literacy: The Technologizing of the Word.* — London: Methuen, 1982. 201 p.
- Pollock, 2006 - *Pollock Sh.* The Language of the Gods in the World of Men: Sanskrit Culture and Power in Premodern India. — Berkeley ; Los Angeles ; London : University of California Press, 2006. 703 p.
- Schimmel, 1990 - *Schimmel A.* Calligraphy and Islamic Culture. New York and London: New York University Press. 1990. 264 p.
- al-Maghnisi, 2021 - *al-Maghnisi Muhammad Fauzi.* Mughni al-tullābwa-ma’ahu sharh Isaghujī Seyful-Gullāb.- Lebanon: Dar Tahkik al Kitab, 2021. - 580 p. (in Arabic).
- Aujezova, 2005 - *Aujezova Z-A.* Predislovie/ v kn.: Mahmud al-Kashgari. Divan Lugat at-Turk /Perevod, predislovie i komentarii Z-A.M.Aujezovoj. Indeksy sostavleny R.Jermersom. – Almaty: Dajk-Press, 2005. - S.6-50.
- DeWeese, 2018 - *DeWeese D.* Islamic Central Asia: An Anthology of Historical Sources. — Bloomington: Indiana University Press, 2018. - 338 p.
- Esbosynov, 2025 (a) - *Esbosynov E.* (a) Osman tilindegi alғashқы оқулық: Kavaid-i Osmanijje// Қазақстан shygystanuy. 2025. №4. T.16. B. 49-61. <https://doi.org/10.63051/kos.2025.4.49>
- Esbosynov, 2025 (b) - *Esbosynov E.* (b) Osman-tyrik tili zertteuleriniң qazaqtildi kontentterdegi kerinisi//Qazaqstan shygystanuy. 2025. №2. T.14. B. 255-271 <https://doi.org/10.63051/kos.2025.2.255>
- Fil'shtinskij, 1991 - *Fil'shtinskij I.M.* Istorija arabskoj literatury. – Moskva: Nauka, 1991. - 726 s.
- Frank, 2001 - *Frank A. J.* Muslim Religious Institutions in Imperial Russia. The Islamic World of the Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910. Leiden - Boston - Köln, Brill, 2001 (Islamic History and Civilization, 35). -341 p.
- Goody, 2000 - *Goody Jack.* The Power of the Written tradition. Washington: Smithsonian Institution Press, 2000. 192 p.
- Hodgson, 1974 - *Hodgson M.* The Venture of Islam: Conscience and History in a World Civilization. Vols. 1–3. — Chicago: University of Chicago Press, 1974. 1320 p.
- Kaliev, Mustafaeva - *Kaliev Sh., Mustafaeva A.* Shygystanu gylmynyn derektanulyq sipaty zhane Qazaqstanda arab derekkozderin zertteudin bagyttary men mindetteri// Qazaqstan shygystanuy. 2025. №1.T.13. B. 230-240. <https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.230>
- Mahmud al-Kashgari, 2005 - *Mahmud al-Kashgari.* Divan Lugat at-Turk /Perevod, predislovie i komentarii Z-A.M.Aujezovoj. Indeksy sostavleny R.Jermersom. Almaty: Dajk-Press, 2005. -1288 s.
- Mamyrbek, 2024 - *Mamyrbek G.* Eski qazaq tilinin zhazba nusqalary. Almaty: Asyl ZhK, 2024. -360 b.
- Mamyrbekova, 2006 - *Mamyrbekova G.M.* XVIII-XIX ғғ. Arab zhazuly qazaq zhazbalarynyn grafikalyq-orfografialyq erekshelikteri: filol.g.k. gylymi dārezhesin alu ushin zhazylgan dissertaciya. A, 2006. -136 b.
- Musabaev, 1951- *Musabaev G.* Ob izuchenii istorii kazahskogo jazyka// Vestnik AN KazSSR, 1951. №9. s.82
- Ong, 1982 - *Ong W. J.* *Orality and Literacy: The Technologizing of the Word.* — London: Methuen, 1982. 201 p.
- Pollock, 2006 - *Pollock Sh.* The Language of the Gods in the World of Men: Sanskrit Culture and Power in Premodern India. — Berkeley ; Los Angeles ; London : University of California Press, 2006. 703 p.

Samojlovich, 1928 - *Samojlovich A. N.* K istorii literaturnogo sredneaziatsko-tureckogo jazyka, v sbornike: Mir-Ali-Shir, L., 1928. -S.1-23 <https://abashin.org/wp-content/uploads/2025/06/3navai.pdf> data obrashhenija 26.01.2026

Schimmel, 1990 - *Schimmel A.* Calligraphy and Islamic Culture. New York and London: New York University Press. 1990. 264 p.

Syzdyqova - *Syzdyqova R.* (a). Jasaui «Hikmetterinin» tili. Koptomdyq shygarmalar zhinagy. T.7. -Almaty: El-shezhire, 2014.-664 b.

Syzdyqova - *Syzdyqova R.* (b) XVIII-XIX gasyrlardagy qazaq adebi tilinin tarihy. -Almaty: Mektep, 1984. -216 b.

Syzdyqova, 2014 - *Syzdyqova R.*(v) Abaj shygarmalarynyn tili. Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. T.1. A. : El-shezhire, 2014. -384 b.

Syzdyqova, Qojgeldiev, 2014 - *Syzdyqova R., Qojgeldiev M.* Qadyrgali bi Qosymuly zhane onyn zhylnamalar zhinagy: koptomdyq shygarmalar zhinagy. T.5. Almaty; El-shezhire, 2014.-344 b.

Tenishev, 2011 - *Tenishev Je.R.* Izbrannye trudy. Kniga 3. -Ufa: IJaL UNC RAN, 2011.-256 s.

Tenishev, 2021 - *Tenishev Je.R.* Istorija tjurkskih pis'mennyh literaturnyh jazykov donacional'noj pory //Rossijskaja tjurkologija. Moskva, 2021. №1-2 (30-31). S.30-43

Zhubatova - *Zhubatova B.* Qazaq tilindegi arab, parsylyq kirme frazeologizmdер. Almaty:Qazaq universiteti, 2014. -314 b.

Abilqasymov, 1982 - *Abilqasymov B.* XIX gasyrdyn II-zhartysyndagy qazaq adebi tili (baspa nusqalary tili negizinde). -Almaty: Gylym, 1982. -224 b.

Qordabaev - *Qordabaev T.R.* Tarihi sintaksis maseleleri (XV-XVIII gasyrlar materialdary bojnsha). Almaty: Gylym, 1964. -214 b.

^{*1}Джубатова Б.Н., ²Ахметбекова А.К.

^{1,2} *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*
E-mail: ¹*baiyan.zhubatova@kaznu.edu.kz*, ²*Akbota.Akhmetbekova@kaznu.edu.kz*

СТАРОКАЗАХСКИЙ ПИСЬМЕННЫЙ ЯЗЫК В КОНТЕКСТЕ ПИСЬМЕННОЙ ТРАДИЦИИ ВОСТОКА

Аннотация. Цель статьи заключается в раскрытии типологического характера староказахского письменного языка, отражающего его принадлежность к книжной системе исламской цивилизации на основе универсальной теории письменной традиции и комплексного анализа данного явления. В задачи исследования входят: уточнение понятий *книжный язык, среднеазиатский письменный литературный язык, чагатайский язык* в связи с феноменом староказахского письменного литературного языка; определение понятия арабо-персидской (исламской) письменной традиции в лингвистическом и цивилизационном аспектах; выявление языковых и дискурсивных признаков арабо-персидской письменной традиции в текстах староказахского письменного языка; определение роли староказахского письменного языка, опиравшегося на письменную традицию в пространстве исламской цивилизации, в истории казахской интеллектуальной культуры. Объект исследования — староказахский письменный литературный язык как историко-лингвистическое и культурное явление. Предмет исследования — типологические, функциональные и жанрово-стилистические характеристики староказахского письменного языка. Гипотеза исследования состоит в том, что арабо-персидская (исламская) письменная традиция выступала цивилизационно-лингвистическим эталоном, оказавшим влияние на структурное, функциональное и жанровое формирование староказахского письменного языка. Сравнение редуccionистского подхода советского периода, стремившегося игнорировать

староказахский письменный язык, с концепцией *islamicate* показало необходимость рассмотрения данного явления как многогранного культурно-языкового феномена, не ограниченного исключительно религиозным дискурсом. Материал исследования составляют тексты староказахского письменного языка, записанные арабской графикой: летопись Кадырали Жалаири «Жами' ат-таварих» (XVI в.), а также кысса-дастаны, опубликованные в начале XX века. Кроме того, привлекаются исследования, посвящённые староказахскому письменному языку (Р. Сыздыкова, Б. Абилкасымов, Г. Мамырбек). Теоретико-методологическую основу исследования письменной традиции Востока составляют труды Дж. Гуди, М. Ходжсона, У. Онга, Ш. Поллока и др. В статье применяются историографический, сравнительно-исторический и лингвистический методы анализа. Научная новизна исследования заключается в выявлении комплексного влияния письменной традиции на языковые структуры. Староказахский письменный язык впервые рассматривается как система, сформированная в историко-культурном контексте, опирающаяся на канонические образцы и нормы и выработавшая собственные нормы письменного дискурса.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации научно-исследовательского проекта по гранту Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан BR28712621 «Рукописное наследие Казахстана: реестрирование, реставрация, научная каталогизация, оцифровка и комплексные кодикологические исследования»

Ключевые слова: исламская цивилизация, староказахский письменный язык, арабо-персидская письменная традиция, книжный язык, чагатайский язык, среднеазиатская письменная литературная традиция, универсальная теория письменных языков.

*¹Jubatova B.N., ²Akhmetbekova A.K.

^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: ¹baiyan.zhubatova@kaznu.edu.kz, ²Akbota.Akhmetbekova@kaznu.edu.kz

OLD KAZAKH WRITTEN LANGUAGE IN THE CONTEXT OF THE WRITTEN TRADITION OF THE EAST

Abstract. The article aims to reveal the typological character of the Old Kazakh written language, reflecting its affiliation with the book-based system of Islamic civilization, based on a universal theory of written tradition and a comprehensive analysis of this phenomenon. The objectives of the study include: clarifying the concepts of book-based language, Central Asian written literary language, and Chagatai language in connection with the phenomenon of the Old Kazakh written literary language; defining the concepts of the Arab and Persian (Islamic) written tradition in both linguistic and civilizational aspects; identifying the linguistic and discursive features of the Arab-Persian written tradition in the texts of the Old Kazakh written language; and determining the role of the Old Kazakh written language—grounded in the written tradition within the space of Islamic civilization—in the history of Kazakh intellectual culture. The object of the research is the Old Kazakh written literary language as a historical-linguistic and cultural phenomenon. The subject of the research comprises the typological, functional, and genre-stylistic characteristics of the Old Kazakh written language. The research hypothesis is that the Arab and Persian (Islamic) written tradition functions as a civilizational and linguistic model that influenced the structural, functional, and genre formation of the Old Kazakh written language. A comparison between the reductionist approach of the Soviet period, which sought to ignore the Old Kazakh written language, and the concept of the *Islamicate* has demonstrated the need to consider this phenomenon as a multifaceted cultural and linguistic entity not limited exclusively to religious discourse. The research material consists of texts in the Old Kazakh written language recorded in

Arabic script: the chronicle of Qadyrgali Zhalayiri, Jāmi‘ al-Tawārīkh (16th century), as well as qissa-dastans published in the early 20th century. In addition, studies devoted to the Old Kazakh written language (R. Syzdykova, B. Abilkassymov, G. Mamyrbek) are examined. The theoretical and methodological foundation of the study of the written tradition of the East is based on the works of J. Goody, M. Hodgson, W. Ong, S. Pollock, and others. The article employs historiographical, comparative-historical, and linguistic methods of analysis. The scientific novelty of the research lies in identifying the comprehensive influence of written tradition on linguistic structures. The Old Kazakh written language is examined for the first time as a system formed within a historical and cultural context, grounded in canonical models and norms, and having developed its own norm of written discourse.

Acknowledgment: The article was prepared within the framework of the research project funded by a grant from the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan BR28712621 “Manuscript Heritage of Kazakhstan: Registration, Restoration, Scholarly Cataloguing, Digitization, and Comprehensive Codicological Studies”.

Keywords: Islamic civilization, Old Kazakh written language, Arab and Persian written tradition, book-based language, Chagatai language, Central Asian written literary tradition, universal theory of written languages.

Автор туралы мәлімет:

Жұбатова Баян Нұсұлтанқызы, филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Арабтану орталығының директоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, Алматы, Қазақстан Республикасы

Ахметбекова Ақбота Кәрібайқызы, филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, Алматы, Қазақстан Республикасы

Информация об авторах:

Джубатова Баян Нурсултановна, доктор филологических наук, директор Центра арабистики КазНУ им. Аль-Фараби, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан

Ахметбекова Ақбота Карибаяевна, кандидат филологических наук, доцент кафедры Ближнего Востока и Южной Азии КазНУ им. Аль-Фараби, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан

Information about authors:

Bayan Jubatova, Doctor of Philological Sciences, Director of the Center for Arabic Studies, Al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan

Akhmetbekova Akbota Karibayevna, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Middle East and South Asia, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Ave., 71, Almaty, Republic of Kazakhstan

*Келін түсті 8 желтоқсан 2025 жыл
Қабылданды 25 қаңтар 2026 жыл*